

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### **БЖЗҚ мамандары азаматтарға қоңырау соқпайды! Мүқият болыңыз!!**

Соңғы кездерде БЖЗҚ салымшыларына қатысты алаяқтық әрекет жағдайлары орын алуда. Ол үшін әртүрлі жаңа сценарийлер ойлап табылуда. Соның бірі - салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлерінің атынан қоңырау шалып, БЖЗҚ-ға зейнетақы аударымдары қате жасалғандығы, сол үшін оның бөлімшесіне бару қажеттігі және SMS арқылы хабарландыру тәсілімен кезекті электрондық брондауға мүмкіндігі бар екені туралы айтылады. Бұдан кейін алаяқтар телефонға келген талон нөмірін немесе кодты атап, растауды сұрайды. Осылайша олар сіздің банктік шоттарыңызға және жеке мәліметтеріңізге қол жеткізе алады.

**Мұндай алаяқтыққа жол бермеу үшін келесіні білгеніңіз маңызды:** БЖЗҚ қызметкерлері азаматтарға қоңырау соқпайды! Сондықтан қырағы болып, бөгде адамдарға ешқандай код бермеңіз. Сондай-ақ, бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз.

#### **Өзіңізді қорғау әдістері:**

- Өз кодтарыңыз бен құпиясөздеріңізді ешкімге, ешқашан айтпаңыз.
- Ақпаратты ресми арналар арқылы тексеріңіз.
- Егер Сізді әлдекім БЖЗҚ атынан мазалайтын болса, тұтқаны қойып, тікелей Қормен хабарласыңыз!
- Қаржылық және зейнетақы қызметтерін алу үшін көмек көрсетуге уәде беретін делдалдардың қызметтерін пайдаланбаңыз. Себебі, сонымен бірге Сіз жеке деректеріңізді құйтырқы әрекеттерге пайдаланатын бейтаныс адамдарға сеніп тапсырасыз.

Осы ақпаратты өз жақындарыңызға таратыңыз. Олар да хабардар болып, қорғана жүрсін!

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын [БЖЗҚ бөлімшелерінде](#) де, қашықтықтан да:

[enpf.kz](http://enpf.kz) сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы,  
байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс арқылы, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗҚ-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X (Twitter) және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіптен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*



